

Абдуова Б. С.

БАЯНДАУЫШТАРДЫҢ МЕЗГІЛ МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Özet

Yazar makalesinde yüklemelerin zamanlara bağlı anlam değişikliğine uğraması üzerinde durmaktadır. Geçmiş zaman, Şimdiki zaman, Gelecek zaman olarak bölünen morfolojik şekillerin kategorileri önemine vurgu yapmaktadır.

Резюме

Временные семантические группы сказуемого научно исследованы автором. Автор раскрывает семантические группы глагольных сказуемых по времени. К тому же, здесь рассказано как прошедшее, настоящее и будущее время важно и объясняется как самая сердцевина всех глагольных форм. Как модальная отрасль сказуемого -изяснительное наклонение в форме переходного настоящего времени может указывать и на будущее время, и тем временем может означать реальное настоящее время.

Resume

Temporal semantics of predicate scientifically investigated by the author. The author reveals the semantic group verbal predicates on time. Also, here described as the past, present and future is important and obbesnyaetsya as the most heart of all the verb forms. As modal branch predicate-izyasnitelnoe inclination in the form of the transition date may indicate a future time, and meanwhile, could mean the actual present.

Шақтық мағына айтылатын оқиғаның болмысқа қатысын анықтайтын басты компонент болғандықтан есім сөздер баяндауыш қызметінде жұмсалғанда шақтық мағына арнаулы синтаксистік амалдар арқылы үстеліп, дербес баяндауыштық формалар құралады. Етістік негізді баяндауыштардың мағыналық топтарын мезгілге қатысты тарқататын болсақ, дәстүрлі өткен шақ, осы шақ, келер шақ деп бөлінетін морфологиялық тұлғалар темпоралдылық категориясын құрайтын өрістің тек негізгі орталық-өзегі ғана болар еді. Қазақ грамматикасында «Баяндауыштарды білдіретін мағынасына қарай былай топтауға болады: 1. Іс-әрекеттің, сапаның болмысқа шақ жөнінен қатынасын білдіретін баяндауыштар: *келе жатыр, келді* т.б. 2. Іс-әрекетті қалпына қарай атайтын баяндауыштар: *өсейін деді, гүлдейін деп тұр, өсуші еді, өседі*. 3. Іс-әрекетті субъектінің пайымдауы тұрғысынан атайтын (модалдік) баяндауыштар: *келген сияқты, келді білем, келген болды, келді-ау деймін*. 4. Іс-әрекетті субъектінің қалауы ретінде атайтын баяндауыштар: *келмекші, келгелі жүр, келіп тұр, келгісі бар, оқығысы келеді*. 5. Іс-әрекетті субъектінің бұйрығы ретінде атайтын баяндауыштар: *көр, көрсін, көрейін, көр деген соң көр, көрмейсің*. 6. Іс-әрекетті міндеттеу, ұсыныс ретінде атайтын баяндауыштар: *оруы керек, оруы тиіс, оруың зой*. 7. Іс-әрекеттің қарқынын білдіретін баяндауыштар: *жүгірді-ай кеп*» [1,639] деп бөледі. Бұндай жіктелістерді эмоционалды, модалдік, стильдік реңктеріне байланысты ары қарай да бірнеше топқа бөлуге болар еді. Алайда біздің зерттеуіміз функционалды-семантикалық өріс жүйесіндегі темпоралды категорияның баяндауыштарына қатысты болғандықтан, әуелі орталық-өзекті құрайтын шақтардың мағыналық топтарына тоқталамыз.

Ауыспалы шақ етістіктен болған баяндауыштар дағдылы іс-әрекетті, ұзақ мерзім ішінде болатын істі білдіруге бейімделген. Мысалы, *ит үреді, керуен көшеді*. Осы мағына ерекшелігіне сай бұл формадағы баяндауыш табиғат көркін, дағдылы тіршілік бейнесін суреттеуге бейім. Жедел өткен шақ етістіктен жасалған баяндауыш стиль таңдамай еркін

жұмсалады. Мысалы, *Сестра қыз жүгіріп жетті.* (О.Бөкей) Мұнда экспрессия жоқ, тек процесс бар. Өткен шаққа тән іс-әрекетті білдіретін баяндауыш ауыспалы осы шақ етістіктің болымсыз түрі мен *ба, бе* шылаулық сұрауларының бірігуінен де жасалады: *Қасқыр қамап алды-ау деп жанұшырып жетпеймін бе.* (О.Бөкей) Бұл – экспрессивті баяндауыштық форма. Ол ауызекі сөзде мәнерлік үшін жұмсалады. Көркем прозада да, сөйлеу стилінде де осындай мәнерлік үшін жұмсалатын тәсілдердің біріне нақтылау демеуліктері *-ды, -ді, -ты, -ті, -тын, -тін, қой, зой* жатады. Нақтылау демеуліктері өздері тіркескен лексикалық мағыналы сөздің мағынасын нығарлай, бекіте, нақтылай түседі. Баяндауыштарға тіркескен бұндай демеуліктер сөйлемнің экспрессиясын арттырумен қатар, шақтық және модалдік көрсеткіштердің мезгілдік мағынасын да білдіреді: *Ал егер мен осы Айыртаудан көшіп кетсем, Қоңқай зәлімнің жеңгені зой.* (О.Бөкей).

да демеулік шылаулары да іс-әрекеттің, қимылдың уақыт шегіндегі тездік сипатына әсер етеді: *қазір айтамын да шығамын, барамын да қайтамын,* т.б. Бұндай сөйлемдердегі баяндауыштар ашық рай тұлғаларында дағдылы, қайталанатын қимыл мен іс-әрекеттердің орындалуын/орындалмауын, шектеулісін/шексіздігін, узуалды орындалуын, тез немесе созылыңқы орындалуын білдіреді.

дейін, шейін демеуліктері баяндауыштағы мезгілдік мағынаны нақтылайды: *Осы жасына дейін мұндай әуенді естімеген Аманның сірне жаны қорғасындай балқыды-ай.* (О.Бөкей) Қазіргі қазақ тілінде барыс формалы есімшеден кейін келетін *дейін, шейін* демеулері бірінің орнына бірі талғамастан жүре береді. Бұлардың орнына етістік, баяндауыштың *-ғанша, -генше, -қанша, -кенше* түрінде ықшамдалып келуі де сөйлемге ешқандай мағыналық өзгеріс әкелмейді. Мысалы: *жеті жасқа жеткенше* (жеткенге дейін, шейін) *жерден таяқ жейсің.* (мақал) Керісінше, ешқандай демеулік шылау «көмегіңсіз», мезгілдік қатынастағы бағыныңқы компонент ретінде жұмсалатын *-ғанша* тұлғалы сөздер басыңқы сөйлемнің себебін білдіріп, іс-әрекеттің созылыңқы сипатын танытады. Мысалы: *Қатырық үйде қамалғанша, түнгі далада серуендейтін ермек тапқанына қуанулы.* (О.Бөкей)

Бұлардың бәрі де функционалды-семантикалық өрісті құрайтын етістік негізді баяндауыштардың темпоралдық мағынасын нақтылай түсуге септігін тигізеді.

-ған, -ген тұлғалы баяндауыштардың қызмет ерекшелігі есімшеден жасалуына байланысты, есімше іс-қимылды статикалық қалыпта, субъектіге тән қалып-сапа тұрғысынан айтады: *Анна апасы туралы бұрын да талай естіген.* (О.Бөкей) Есімшеге тән осы сапа тілде екі түрде стильдік қызметте көрінеді. Ауыспалы өткен шақтық іс-әрекетті баяндайтын мәтінде *-ған, -ген* олардың өзара мезгілдік кезеңін саралауға ықпал етеді. Мұндайда ол *-ді, -ды* тұлғалы баяндауышқа қарағанда бұрынырақ болған іс-әрекетті білдіреді. Мысалы, *Уақытша төл алуда жүрген кітапханашы қыз Еріктің көңіліне Алтайдың мәңгі жасыл самырсыны болып орнаған.* (О.Бөкей) *Трактор тұрған орнынан тырп етпестен шыр көбелек айнала берді, айнала берді.* (О.Бөкей) *-ған, -ген* статикалық мағынасына сай өмір, табиғат бейнесін суреттеуде көп жұмсалады: *Мен ояу, ел ұйқыда, оттар сөнген.* (С.Торайғыров) Ауызекі сөйлеу тілінде сөзге мәнерлік беру үшін өткен шақтық дағдылы істі білдіретін баяндауыш *-ар, -ер* тұлғалы есімшемен *еді* көмекші етістігінің бірігуінен жасалады. Мысалы, *Содан соң жың соққандай ішін басып, сақылдап күлер еді.* (О.Бөкей) *-ар -ер* тұлғалы есімшеге көмекші болар сөзі қосылып, қазақ тілінің нақыл сөздері жасалған: *Көсем елді, шешен сөзді бастар болар. Жақсылықтан тірі жан күдер үзбес болар.* Афоризм, қанатты сөздер мен нақыл сөз ретінде айтылғандықтан бұл сөйлемдер процесті білдірмейді, тұрақты қалыпты көрсетеді.

Кеп сөзі іс-әрекеттің қарқынын білдіреді. Мысалы, *жатып кеп жалынды. Ал кеп сөйледі. Соқты-ай кеп.* Сөйлемді, ойды экспрессивті жеткізу мақсатында қосылатын бұл көтерме компонент мәнерлі стиль үшін де керек. Салыстырайық: *Мақтайды-ай кеп соны. Ақырзаманды орнатты кеп.* Бұндай сөйлемдер белгілі бір уақыт ішіндегі орындалған амал-әрекеттің созылыңқы сипатын танытады. Болды сөзі де іс-әрекеттің ұзаққа созылғанын көрсетеді: *Бірін күтіп алып, бірін шығарып салумен болды.* Іс-әрекеттің, қимылдың қалпын білдіріп атайтын баяндауыштардың негізгі формасына түрлі шақтық форма беріп өзгеруге

болады. Салыстырайық: *Бірін күтіп алып, бірін шығарып салмақ болды. Келетін болды, келетін болады* сөздеріндегі бол шақтық мағына береді. Осының өзі іс-әрекеттің қалпын білдіретін формаларды ашық рай категориясына тән, бірақ шақтық категориядан тыс дара топ ретінде қарау керек екенін байқатады. Шақтық формаларға қарсы қойғанда өзара бірыңғай топ болып көрінетін бұл морфологиялық синтаксистік тұлғалар іштей өзара сараланады. Іс-әрекетті, қимылды субъектінің мақсат етуі тұрғысынан баяндайтын баяндауыштар сөйлемнің мезгілдік мағынасын бір өріс аясына жинақтап, қатар, іргелес болатын оқиға, қимылдарды білдіреді. Мысалы, *Сіз қашан жол жүрмексіз, мен сәлемдеме беріп жібермек ем.* Мұндай мақсат мағынаны білдіретін баяндауыштар мезгілдік қатынасты танытады. Логикалық жағынан мақсатты келер шақ тұлғасына жақын тұлға – қалау рай. Қалау рай мен мақсатты келер шақ арасындағы негізгі айырмашылық – мезгілдік мән *-мақ* тұлғасында басым да, *барғым келеді* тұлғасында тілек мәні басым.

Әлі басталмаған, бірақ мақсат етілген іс *-мақ, -бақ, -мақшы, -мекші* есімшелерінің жіктелу тұлғасы арқылы немесе осы есімшелердің *еді* көмекші етістігімен тіркесі арқылы беріледі. Мысалы, *мен бармақ едім* дегенде мақсаттылық мән айқын білінеді. Ал осы тұлғаға *-шы* аффиксі қосарланып қолданылса, ондай тұлға мақсаттан гөрі, міндеттілік мәнге көбірек ойысады. Уақыт мерзімі әзір белгісіз болса да, болашақта қалай да болуға, бітуге тиісті істі білдіріп, соған меңзейді. Мысалы, *ол заңгер болмақшы* деген сөйлемде істің болашақта болуымен қатар, міндеттенушілік те бар. Бұндай баяндауыштар етістік шақтарының стильдік мүмкіндігін арттыра түседі.

Қазіргі оқулықтарда «Қимылды кейін еске түсіру мәнін қатысты өткен шақ білдіреді. Қатысты өткен шақ *-п еді, -ған еді, -атын еді* аналитикалық форманттар арқылы беріліп, өткен шақта болған қимылды білдіреді: *Ол келген жоқ еді.* Осы шақта болған қимылды еске түсіруді *-п отыр еді, -п тұр еді, -п жүр еді, -п жатып еді, -уде еді* форманттары білдіреді: *Ол мұны біліп жүр еді. Ол кезде сенің ісің күн сайын өрге жылжуда еді.* Келер шақтағы қимылдың жасалуында бір кедергі барын *-мақ еді, -мақшы еді, -ар еді, -тын еді* форманттары білдіреді: *Қазақ әйелдерінің қоғамдық жайларын сұрамақшы еді*». [2, 295] деген пікірдегі аналитикалық форманттар арқылы болған баяндауыштар темпоралды мағынасы арқылы функционалды-семантикалық өрістің негізгі бөлігін (ядросын) құрап қана қоймай, келесі айтылмақ ойға меңзеу салады.

-у тұлғалы қимыл есімдері қазіргі әдеби тілде жатыс септік тұлғасында жиі қолданылады да, қимыл, әрекетке динамикалық екпін, леп береді. Мысалы: *құрылыс қарқынды жүруде. -уда* тұлғасының негізгі мәні іс-әрекеттің, қимылдың созылыққылығын білдіру. Алайда осы форма туралы кейбір оқулықтарда: «*-уда* тұлғалы етістікті қолдану шамамен алғанда, Октябрьден кейінгі дәуірде орыс тілінен аударма жасау ыңғайында пайда болып, келе-келе баспасөз бен ресми қағаздар тілінің айқын, басы ашық бір белгісі болып кеткен. Бұл қолданыстың, әрине, тіліміздің икемділігін, оралымдылығын арттырғаннан басқа залалы жоқ. Дегенмен, солай екен деп, орынды-орынсыз жердің бәрінде де осы тұлғаны жұмсай беруге болмайды. Әсіресе, күнделікті баспасөз бетінде көптеп жарияланатын корреспонденцияларда кездесетін: *Маяланған шөптер мал қыстағына тасылуда. Бұл істе Әзірбаев бастаған комсомол-жастар бригадасы еселеген еңбек үлгісін көрсетуде* тәрізді қолданыстарды тіл мәдениетінің жоғарылығы деп қарауға әсте болмайды»[3,256] деген пікірдегі *-уда* тұлғалы баяндауыштар нақ осы шақты танытатын *тасылынып жатыр, көрсетіп отыр* сияқты формалардың ықшамдалған көрсеткіші ретінде жұмсалған. Осындағы *-уда, -уде* тұлғалы баяндауыштар созылыққы сипаттағы қимыл, әрекеттерді білдірумен қатар, нәтижелі әрі көп ретті болу мүмкіндігін көрсететін етістік жасау қызметімен де ерекшеленеді. Егер осындағы баяндауыш формаларының мағыналық қолданысын сараласақ, онда оқырманның көз алдында болып жатқандай әсер қалдыру мақсатымен қолданылатын «айғақты» осы шақты танымыз. Белгілі ғалым Т.Қордабаев етістіктің шақтарын олардың «айғақты» және «айғақсыз» сипаттарына қарай топтастыратынының негізі бар. Ғалым *-уда* тұлғалы баяндауыштардың емес, *-ып, -іп, -п* тұлғалы өткен шақтық баяндауыш формаларының уақыттық қатынасына байланысты субъект

көзқарасын талдайды. «Бұл арада ескеретін нәрсе, айғақсыз өткен шақ көрсеткіштерінің I жақта қолданылуы II-III жаққа қарағанда, сирегірек ұшырайды және айтушының өз ісіне өзінің көзі жетпеуіне, оны айғақсыз мағынада беруіне түрлі себептер болады. Айғақсыз өткен шақ көрсеткіштері I жақта мынадай жағдайларда ғана қолданылады:

- а) өзінің белгілі бір іс-әрекетті қашан, қалай істегендігін ұмытқан жағдайда;
- б) не сол іс-әрекетті істеген уақытта есі дұрыс болмаған жағдайда;
- в) немесе айтып отырғаны шындық болмаған жағдайда;

г) ең ақырында, өзінің істемеген істерін басқа біреулердің істеді деп, өтірік жала жапқан жағдайында (*Ол оңбағандардың ойынша, Байғалиды сөйлеткен де біз болыппыз*) т.б.» [4, 79]. Мұнда темпоралды мағына күмәндану, болған іс-әрекеттің ақиқаттығына сенімсіздік туған жағдайда қолданылатын стильдік бояумен астаса көрінеді. Субъектінің өзі көзі жетіп тұрған қимыл, амал, әрекеттердің орындалуы баяндауыштардың болымды формасы арқылы беріледі. Мұндай сөйлемдерде де модалдік мағына темпоралды мағынамен астасып жатады. Іс-әрекеттің орындалу сапасы қарқындылығының күшеюі/әлсіреуі *жүрісім өнбеді, әбден титықтады, әйтеуір жеттім-ау, анда-санда бір дем алады, асыға басып келеді* деген сөз тіркестері арқылы аңғарылса, белгілі бір мерзім ішінде іс-әрекеттің ұдайы жүзеге асырылуы *бәрін көріп, біліп отыру, үнемі есте ұстау, өмір бойы ұмытпау, тұрақты барып тұру*, т.б. тұлғалы баяндауыштардан көрінеді. Бұл формалар *-п жүр, -п отыр* сияқты аналитикалық форманттар мен контекстегі ауыспалы шақтық көрсеткіштерге қатысты көрінеді. Шектеулі іс-әрекеттердің белгілі бір мерзім аясындағы орындалу мүмкіндігі *тек жылауды ғана біледі, бәрі бірдей данышпан бола алмайды, анда-санда бір көрінеді*, т.б. дегендей тіркестерден аңғарылады. Мұнда іс-әрекеттер белгілі бір уақыт аралығында орын алады да, шектелу аясы *тек қана, бәрі бірдей, анда-санда* сияқты тіркестермен нақтылана түседі. Белгілі мерзім ішіндегі іс-қимылдың толық/ішінара тұрақты өтуі *туғаннан қайтқанға дейін, жылында екі рет, таңнан кешке дейін*, т.б. деген сияқты мезгіл үстеулерімен келген сөйлемдердің баяндауыштарын темпоралдық мағына жағынан бекіте түседі. Мысалы, *Құлахмет ағай ұзақ уақыт үндемей, ойланып қалатын.* (Д.Исабеков) Осындағы *ұзақ уақыт үндемеу, ойланып қалу* тіркестері ішінара тұрақты қимылды білдіреді. Белгілі уақыт шеңберіндегі іс-әрекеттің созылыңқылығы *күні бойы бала бағумен болды, ал кеп жыла, өкпесі ұшып жүгіріп келеді*, т.б. секілді сөз тіркестері мен сөйлемдерден аңғарылады. Мысалы, *Айқай өшеді деп кім айтты саған. Ол ешқашан өшпейді.* (О.Бөкей) *Таңғы шық көзі жсаудырап әлі тірі жатыр, адам басуға аяйды.* (О.Бөкей) Мұндағы уақыттық қатынастағы созылыңқылық *әлі, ешқашан* үстеулері арқылы нақтылана түскен. Баяндауыштардың мезгілдік мағынасын бұрын болған, кейіннен тоқтатылған іс-әрекет: *ауылға бармағаныма қанша уақыт болды, бұрын білуші ем, қазір ұмытып қалыптын* секілді құрылымдар толықтыра түседі. Сондай-ақ шектеусіз қайталамалы іс-әрекеттің әдеттегі (узуалды) орындалуын білдіретін мерзімдік көрсеткіш *ат тұяғын тай басар, батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер, адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін тапқан соң* деген сықылды қанатты сөздер мен афоризмдердің «өн бойынан» анық көрінеді. Бір ғана іс-әрекеттің бірнеше объектіде шектеусіз қайталануы: *Шашу жақсылық күндерде, құда келгенде, келін түскенде, басқа да қуанышты сәттерде* шашылады дейтін ұлттық дәстүріміздің көрінісін білдіретін сөйлемдегі шашудың шашылатын жағдайлары санамалап беріліп, баяндауыш ауыспалы шақ тұлғасының мағынасымен толығы түскен. Бұл формаға қарама-қарсы топ құрайтын қолданыс әр түрлі іс-әрекеттің бір ғана объектіде шектеусіз қайталануынан көрінеді: *Адамдардың пыш-пыш өсегі, сыртымнан саусақ шошайтуы, тіпті ашық жсауласуы жсүйкемді тоздырып, әбден есеңгіретті* (О.Бөкей). Жалпы жақта қайталануы: *Қазақтық намыс бойыңды буады, жігеріңді жсаниды.* Тез басталған немесе тез аяқталған іс-әрекеттің орындалуы белгілі бір мезгіл аясында көрініс таба отырып, іштей екі түрлі жіктеліске ие болады:

а) іс-әрекеттің кенеттен тез басталуы: *түсе кетті, еңіреп жіберді, құшақтай алды, қойып қалды*, т.б. Бұлар көбіне аналитикалық форманттар арқылы білдіріледі.

ә) іс-әрекеттің тез арада аяқталуы: *бір-ақ көшірді, кесіп алды, жсым болды, жсата кетті, сынып қалды* т.б.

Іс-әрекеттің үзіліп барып жалғасқандығы: *енді қайта бас көтере бастады, ақырындап тілге келді*, т.б. тұлғалы аналитикалық форманттармен болған баяндауыштардан аңғарылады. *Көңілінің қар көшкіні басып қалған көкек гүлдері бірсіндеп тіріліп, қауашағын аша бастаған еді... Тіршіліктің баларасы ұшып келіп, сол көкекгүлден шырын сора бастағандай... көңіліндегі қар көшкінінен аман қалған титімдей ғана бозторғай ұя сала бастағандай... қан тамырлары алас ұрып, ұмытылыңқырап қалған әдемі әуенмен құйын-перен шапқылағандай.* (О.Бөкей)

Ашық райдағы баяндауыштардың мезгілге қатысты мағыналық тобын іс-әрекеттің қайталануы арқылы созылыңқылығын көрсететін *қайта-қайта түсіндіреді, айта-айта шаршады, жалтаң-жалтаң қарайды*, т.б. дейтін тіркестер толықтыра түседі. Ашық райдағы баяндауыштар дағдылы, қайталанатын әр түрлі қимыл, амал, қозғалыс, іс-әрекеттердің орындалуын/орындалмауын, шектеулісін/шексіздігін, узуалды орындалуын, тез немесе созылыңқы орындалуын білдіреді. Темпоралдылық категориясы етістіктің сипаттық-шақтық тұлғаларының және лексикалық бірліктердің қатысуы арқылы көрінетін түрлі мағыналарға ие болады. Баяндауыштардағы модалділік өрісі ашық райдың ауыспалы осы шағы арқылы берілгенде іс-әрекеттің орындалуы осы шаққа қатысты келіп, реалды мүмкіндік мағынасын, келер шаққа қатысты келіп, болжалдық, қажеттілік, міндеттілік мағыналарын береді. Сөйлем немесе мәтіндегі мезгілдік қатынастың сөйлеуші көзқарасына орай түрленуі етістік негізді баяндауыштардың мағыналық жіктелістерін ажыратуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. -783 бет
2. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы: Инжу-маржан, 2007. -388 бет
3. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Дәуір, 2005. -256 бет
4. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы. Алматы, 1953. -115 бет.

Іс-әрекеттің үзіліп барып жалғасқандығы: *енді қайта бас көтере бастады, ақырындап тілге келді*, т.б. тұлғалы аналитикалық форманттармен болған баяндауыштардан аңғарылады. *Көңілінің қар көшкіні басып қалған көкек гүлдері бірсіндеп тіріліп, қауашағын аша бастаған еді... Тіршіліктің баларасы ұшып келіп, сол көкекгүлден шырын сора бастағандай... көңіліндегі қар көшкінінен аман қалған титімдей гана бозторғай ұя сала бастағандай... қан тамырлары алас ұрып, ұмытылыққырап қалған әдемі әуенмен құйын-перен шапқылағандай.* (О.Бөкей)

Ашық райдағы баяндауыштардың мезгілге қатысты мағыналық тобын іс-әрекеттің қайталануы арқылы созылықтылығын көрсететін *қайта-қайта түсіндіреді, айта-айта шаршады, жалтаң-жалтаң қарайды*, т.б. дейтін тіркестер толықтыра түседі. Ашық райдағы баяндауыштар дағдылы, қайталанатын әр түрлі қимыл, амал, қозғалыс, іс-әрекеттердің орындалуын/орындалмауын, шектеулісін/шексіздігін, узуалды орындалуын, тез немесе созылықты орындалуын білдіреді. Темпоралдылық категориясы етістіктің сипаттық-шақтық тұлғаларының және лексикалық бірліктердің қатысуы арқылы көрінетін түрлі мағыналарға ие болады. Баяндауыштардағы модалділік өрісі ашық райдың ауыспалы осы шағы арқылы берілгенде іс-әрекеттің орындалуы осы шаққа қатысты келіп, реалды мүмкіндік мағынасын, келер шаққа қатысты келіп, болжалдық, қажеттілік, міндеттілік мағыналарын береді. Сөйлем немесе мәтіндегі мезгілдік қатынастың сөйлеуші көзқарасына орай түрленуі етістік негізді баяндауыштардың мағыналық жіктелістерін ажыратуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. -783 бет
2. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы: Інжу-маржан, 2007. -388 бет
3. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Дәуір, 2005. -256 бет
4. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы. Алматы, 1953. -115 бет.